

**«Облыстық фтизиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны 2026 жыл бойынша
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың атқарылуы**

Қызылорда қаласы

29.05.2026 жыл

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Қызылорда облыстық орталығының» қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының хатының аясында жүзеге асырылды.

Мемлекеттік сатып алу және жылдық жоспардың толықтай атқарылуы бойынша жүргізілген қызметтерін атап айтатын болсақ:

Кәсіпорынның 2026 жылға арналған даму жоспарында тек мемлекеттік сатып алу веб порталына бекітілген соммасы 332 003,77 мың теңге бекітілген. Осы бөлінген сомманы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңының 5-бабын толықтай орындап, мемлекеттік сатып алу веб-порталына уақытысында енгізілген.

Тауарлар мен қызметердің және жұмыстардың өнім берушілердің жолдаған актілері уақытысында қаралып және мерзімінде процессуалдық шешім қабылданған.

Өнім берушілердің Банктік кепілдік жарналарды тіркеу және қайтару процессуалдық әрекеттері, сонымен қатар бір көзден сатып алу тәсілдері бойынша атқарылған құжаттамаларында еш кемшіліктер анықталған жоқ.

Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлықтың деңгейін төмендету бойынша 2026 жылға арналған іс-шаралар жоспарының тармақтарын орындау бойынша жүргізілген жұмыс нәтижелері туралы ақпарат.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың кәсіпорындағы жай-күйі қалыпты және онда жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпараттар, мәліметтер берілуде.

Оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөнінде кәсіпорында нақты іс-шаралар жоспарлары қабылданып, жыл ішінде белгіленген шаралар іске асырылуда.

Тұрақты негізде 2026 жылға арналған кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарының

орындалуына және оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында тиімділігіне мониторинг жүргізілген.

Кәсіпорынның директоры мен қызметкерлерінің қатысуымен өткізілетін әр жиналыс, отырыстарында ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, азаматтық қызметшілердің Әдеп кодексін, еңбек тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету жөнінде ескертілуде.

Сондай ақ, сыбайлас жемқорлыққа қатысты келеңсіз жағдай фактілері орын алған жағдайда кәсіпорын, басқармаға жедел хабарлауы, жауапты қызметкерлер арасында оның алдын алу жұмыстарының жүргізілуі, әсіресе кадрлардың жиі алмасуына жол бермеуде, мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі мен мемлекеттік сатып алуларды өткізуде, келісім, анықтамалар беру функцияларын атқару жағдайында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеудің сақталуы қамтамасыз етіліп, тұрақты түрде бақылауға қойылған.

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына басшылыққа ала отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу мақсатында, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген мониторинг негізінде кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы құрылған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобымен, өз қызметінде басшылыққа алынатын кодекстер, заңдар, нормативтік құқықтық актілер зерделенді.

Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық нормалар анықталған жоқ.

Жеке және заңды тұлғалардың арыз-шағымдары, хаттарына арналған жәшіктерді жаңғыртып, оны көрнекі, оңтайлы жерге орнату жөнінде тапсырмалар уақытысында орындалған.

Қызметкерлерге заң бұзушылықтарына жол бермеу, алдын алу мақсатында Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының сенім телефондары көрсетілген ақпараттық тақтайша және сыбайлас жемқорлыққа қарсы бекітілген бейнероликтерді көрсетілімін ғимараттың көрнекі жеріне LD экрандар орнатылған.

Азаматтарды қабылдау (жеке және заңды тұлғалар) кестелері көрсетілген ақпараттық тақтайша орнатылған.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде орын алатын кемшіліктердің алдын алу мақсатында, қызметкерлердің қатысумен «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» ҚР Заң талаптары сақталған.

Медиа-Жоспар аясында (газетке интернет ресурстарға мақалалар шығарылып жарияланған)

/ Директор



С. Усейнов